

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 5072 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 7 карашадағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 07.11.2016 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық – санитарлық инспекторы міндетін атқарушының 2016 жылғы 11 тамыздағы № 11-3/371 ұсынысы негізінде Тәңірберген ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұсақ мүйізді малдарының арасында пастереллез ауруының анықталуына байланысты Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округінің Саржансай ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тәңірберген ауылдық округ әкімі

Д. Тлеуов